

Анықтама

Мектеп кітапханасында 5 сынып оқушыларының қатысуымен ағымдағы жылдың 20 желтоқсан күні «Абай дана, Абай дара қазақта!» атты библиографиялық шолу ұйымдастырылды.

5 сынып оқушылары көркем әдебиет арқылы оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, қазақ кемеңгері атанған Абай Құнанбайұлының шығармаларын өз бетінше оқуына, ізденуіне жол ашатын білім, білік, дағды, іскерлігін қалыптастыратын шығармашылық жұмыстар орындату арқылы насихаттау және тілдерін жаттықтыру. Ой - өрістерін кеңейте отырып, ақын шығармаларының мазмұнын аша білу болып табылады.

Библиографиялық шолудың өзектілігі:

Оқушылардың шығармашылықпен ізденіс жұмыстарына баули отыра, Ақынның мұраларын тани білуге шақыру;

Библиографиялық шолудың оқу мазмұны:

Абайдың табиғат, өнер – білім лирикасына арналған шығармалары, қара сөздері, аудармалары;

Мақсаты:

Оқушыларды Абай әлеміне әкелу, ақын, жазушының шығармаларымен сусындату, Ақын, жазушының қазынасын дәріптей отырып, шығармашылық дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- Лирикалық шығармаларды образға сала білуі;
 - Оқығаннан алған әсерлерін шығармашылықпен ауызша жазбаша көрсете білуі;
 - Оқушыларды ізденіс жұмысына баулу;
- Оқушылардың даярлығына қойылатын талаптар:
- Шығарманы талдай алуы;
 - Өлеңдер шығара білуі;
 - Өлеңді нақышына келтіре оқи білуі;
 - Әдебиет жанрына байланысты сәйкес дауыс ырғағын сақтай оқуға талдауға;
 - Әдеби тілдің бейнелегіш көркемдік ерекшелігін қолдана білу

Нәтиже:

Жазушының шығармалары арқылы сөйлеу әдебін меңгерген, ойы терең рухани дүниетанымын бай адамгершілігі жоғары шығармашылықпен айналысатын тұлға қалыптастыру.

